"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетілген бұзушылықтарға қарсылық

20.08.2019 ж. № 3981

Осымен "Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ, 141240027504 Камералдық бақылау бойынша анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 12.06.2019 жылы жарияланған №3429740-1 «Облыстық маңызы бар "Индер-Қарабау-Миялы-Сағыз» (0-80 шақырым участкесі) автомобиль жолын қайта жаңғырту" нысаны бойынша техникалық қадағалау» электрондық конкурстың №26658733-ОК1 лотына камералдық бақылау жүргізуде бұзушылықтар анықталды. Жоғарыда аталған электрондық конкурстың 26.07.2019 жылғы №3207611 қорытынды туралы хаттамасына сәйкес «Модуль Атырау» ЖШС-і, «MSK Engineering» ЖШС-і, «СТРОЙИНТЕГРАЦИЯ» ЖШС-і, «СейсмоСтройЗащита» ЖШС-і, «Тараз-Технопроект» ЖШС-і, "Engineering Services" ЖШС-і, "ИПЦ "Альянс" ЖШС-і конкурсқа қатысуға жіберіліп, «РаЗа Строй» ЖШС-і, «Қазжолжоба» ЖШС-і және "ABE&K" ЖШС-нің конкурстық өтінімдері біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп бас тартылған. Конкурс жеңімпазы болып "ИПЦ "Альянс" ЖШС-і ЖШС-і танылған (ұсынған бағасы 451 672 035,25 теңге). Конкурс комиссиясының қабылдаған шешіміне камералдық бақылау жүргізіліп анықталды: ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі қарай - Заң) 9 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің (әрі қарай - Қағида) 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі. Бұл ретте, Тапсырыс берушімен бекіткен техникалық ерекшеліктегі әлеуетті өнім берушілерге қойылған талаптардың бірі – «өз құрамында кемінде төрт сарапшы болуы тиіс, «басты және қоршау конструкциялар», «инженерлік жүйелер», «технологиялық қондырғылар» техникалық күрделі II (қалыпты) жауапкершілік деңгейін орындатуға арналған аттестаты бар» болу міндеттелген. Камералдық бақылаумен, «ИПЦ «Альянс» ЖШС-нің конкурстық өтінімінің құрамында техникалық ерекшелікте көрсетілген еңбек ресурстарының санын растау мақсатында «VEHI.KZ» ЖШС-ін қосалқы мердігер ретінде тартатындығы жөнінде ҚК-ның 10 және 6 қосымшаларына сәйкес мәліметтер ұсынылғандығы анықталды. Сонымен қатар, «СТРОЙИНТЕГРАЦИЯ» ЖШС-нің конкурстық өтінімінің құрамында техникалық ерекшелікте көрсетілген еңбек ресурстарының санын растау мақсатында «Инженерное бюро NURTAY» ЖШС-ін қосалқы мердігер ретінде тартатындығы жөнінде ҚК-ның 10 және 6 қосымшаларына сәйкес мәліметтер ұсынылғандығы анықталды. ҚР Инвестициялау және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары А.Ыдырысовтың 07.03.2018 жылғы №30-02-1/ЮЛ-369 және ҚР ҚМ-нің Мемлекеттік сатып алу комитетінің 04.06.2018 жылғы №КГЗ-8-ЮЛ-М-174-КГЗ-1706 санды хаттары негізінде, техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді көрсететін аккредителген мекеме техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді өз бетінше орындауы және осы мекеменің қол астында жұмыс жасайтын барлық техникалық қадағалаушы сарапшылар осы

мекеменің штатында болуы керектігі көрсетілген. Осыған орай, «ИПЦ «Альянс» ЖШС-нің және «СТРОЙИНТЕГРАЦИЯ» ЖШС-нің конкурстық өтініміндерінде конкурсқа қатысуға еңбек ресурстары жеткіліксіз екендігі анықталды. Осы ретте, «ИПЦ «Альянс» ЖШС-нің және «СТРОЙИНТЕГРАЦИЯ» ЖШС-нің конкурстық өтінімі Қағиданың 150 тармағы негізінде бас тартылуға жатады. Бұдан әрі, Қағиданың 152-1 тармағының 2 тармақшасында «неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай өлшемшарттарды: тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстарды қарастырады» делінген. Ұйымдастырушының 12.06.2019 жылғы №222-НҚ шешімен Қағиданың 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттаманың 2 тармағының 5 тармақшасында «мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 152-1 тармағына неғұрлым сапалы тауар, жұмыс, қызмет көрсетуді ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау мақсатында конкурсқа қатысушыны анықтау кезінде конкурстық комиссия ескеретін критерийлердің тізбесін қамтиды» деп аталған. Сондай-ақ, конкурстық құжаттаманың 2 қосымшасының 5 абзацында «тауарларға берілетін техникалық ерекшелікте функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасы функционалдық, техникалық сипаттама параметрлері, тауардың тағайындалуы мен тауарды, қызметтерді пайдалану шарттары шегін қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуі тиіс» атап көрсетілген. Алайда, бекітілген конкурстық құжаттада, неғұрлым сапалы көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындауда қолданылатын, сатып алынатын техникалық қадағалау қызметінің техникалық сипаттама параметрлерінің өлшемдері айқындалмағаны анықталды. Осыған сәйкес, конкурстық құжаттаманы жасақтауда және бекітуде заңнама нормаларының сақталмауы, мемлекеттік сатып алу қағидаларының соның ішінде әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік қағидаттары бұзылады. Осы ретте, конкурстық комиссиямен сарапшының қорытындысы негізінде сатып алынатын қызметтің сапалы техникалық ерекшелігіне шартты жеңілдіктер қолдану әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру қағидаттары бұзылады. Осыған орай, конкурстық комиссиямен «ИПЦ «Альянс» ЖШС-нің конкурстық өтініміне берілген сапалы қызмет үшін берілген 5 пайыз шартты жеңілдік негізсіз болып табылады. бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық анықталған "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ 16.08.2019 жылғы № 231010000-4-6/7-73050 хабарламасын қарап шығып, жоғарыда көрсетілген бұзушылықтармен мынадай негіздер бойыншща келіспейтінін хабарлайды

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің тұжырымымен келесі негіздер бойынша келіспейміз: Әлеуетті өнім берушілер «ИПЦ «Альянс» ЖШС және «Стройинтеграция» ЖШС қосалқы мердігер тартуына қатысты: «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9-бабы 6-тармағының 2-абзацына сәйкес (бұдан әрі – Заң) «Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуды көздейтін әлеуетті өнім беруші жұмыстарға не көрсетілетін қызметтерге тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақшаларында салықтық берешек бөлігінде және 3) тармақшасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынуға тиіс.» Әлеуетті өнім берушілер «ИПЦ «Альянс» ЖШС және «Стройинтеграция» ЖШС ұсынылған өтінімдеріне сәйкес біліктілік талаптарын растауында өздерінің құрамында 11 және 5 сарапшылар бар, бұл өз кезегінде 4 сарапшыдан кем емес техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келеді. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 85-2-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Қағида) Техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік

қызметтерді көрсету жөнінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде техникалық ерекшелікте тұрақты негізде онда жұмыс істейтін техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтер көрсететін аттестаттаудан өткен сарапшылардың әлеуетті өнім берушілерде болуы туралы талап көрсетіледі. Аттестаттаудан өткен сарапшылардың қызметтің көрсетілген түрін жүзеге асыратын басқа ұйымдарда жұмысты қоса атқаруына жол берілмейді. Алайда, Заңдада, Қағидалардада техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметті жасау бойынша мемлекеттік сатып алуларда қатысатын әлеуетті өнім берушілердің қосалқы мердігер тартуына байланысты шектеулер көрсетілмеген. Сонымен қатар, Заңның 9-бабы 8-тармағына сәйкес Осы Заңның 31, 50-баптарында және 51-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағында көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді. Бұдан басқа, Заңның 10-бабымен «1. Әлеуетті өнім беруші мынадай негіздердің бірі бойынша: 1) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжат (құжаттар) ұсынбағанда; 2) әлеуетті өнім беруші өзінің сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттарда қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, сондай-ақ ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі фактісі анықталғанда; 3) біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады. 2. Әлеуетті өнім берушіні және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерін (бірлесіп орындаушысын) осы баптың 1-тармағында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді.» Әлеуетті өнім берушілер «ИПЦ «Альянс» ЖШС және «Стройинтеграция» ЖШС біліктілік талаптарына сәйкестігін растауында тартылған қосалқы мердігерлер бойынша барлық қажетті құжаттар ұсынылған. Жоғарыда айтылғанның негізінде конкурстық комиссиясында әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін жібермеу үшін заңды негіздер жоқ. Осыған байланысты, Әлеуетті өнім берушілер «ИПЦ «Альянс» ЖШС және «Стройинтеграция» ЖШС жіберу бойынша конкурстық комиссиясының қабылдаған шешімдері негізді және қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес келеді деп санаймыз. Сонымен қатар, «Құқықтық актілер туралы» Заңының 60-бабы 4-тармағына сәйкес «Мемлекеттік саясатты жүргізетін, белгілі бір салада (қызмет аясында) реттеу мен басқаруды жүзеге асыратын немесе тиісті мәселелерді шешу өз құзыретіне жатқызылған мемлекеттік органдар не өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктерге сәйкес нақты субъектілерге қатысты немесе нақты жағдайға қолдануға қатысты нормативтік құқықтық актілерге өз құзыреті шегінде түсіндірме бере алады. Мұндай түсіндірмелердің міндетті заңдық күші болмайды және олар ұсынымдық сипатқа ие». Сәйкесінше ҚР Инвестициялау және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары А.Ыдырысовтың 07.03.2018 жылғы №30-02-1/ЮЛ-369 және ҚР ҚМ-нің Мемлекеттік сатып алу комитетінің 04.06.2018 жылғы №КГЗ-8-ЮЛ-М-174-КГЗ-1706 санды хаттары заңды күші болмауына байланысты негіз болып табылмайды. Әлеуетті өнім беруші «ИПЦ «Альянс» ЖШС жетілдірілген техникалық ерекшелік үшін шартты жеңілдікті беруге қатысты: Қағиданың 162-тармағына сәйкес «Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары өлшемшарттары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, оларға техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар сараптау комиссиясының не сарапшының (ол болған жағдайда) қорытындысына сәйкес қолданылады. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспауға тиіс.» «Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының» ММ 06.06.2019 жылғы №32 бұйрығына сәйкес «ҚазАвтоЖол» НК» АҚ Атырау облыстық филиалының сапа бақылау және жұмыстарды қабылдау бөлімінің басшысы Сауле Сисенбайқызы Куржумова тұлғасында сарапшы бекітілген болатын (бұдан әрі – Сарапшы), «Автомобиль жолдары» мамандығы бойынша инженер-құрылысшы біліктілігі бар, сонымен қатар «Сапа бақылау және автомобиль жолдары құрылысы барысында техникалық

қадағалау» тақырыбы бойынша біліктілігін арттыру сертификаты бар, автомобиль жолдары құрылысы саласында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі (диплом, еңбек кітапшасы және сертификат көшірмелері қосымша тіркеледі). Әлеуетті өнім берушілердің техникалық ерекшеліктерін қарау қорытындысы бойынша сарапшымен 2019 жылғы 25 шілдедегі сарапшы қорытындысы ұсынылды, бұл мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналасқан (көшірмесі тіркеледі). Сарапшының қорытындысына сәйкес әлеуетті өнім беруші «ИПЦ «Альянс» ЖШС ұсынылған техникалық ерекшелігі Тапсырыс берушіге құрылыс объектісінде барлық қажетті жағдай параметрлерін нақты уақыт тәртіптемесінде көру мүмкіндігі бөлігінде жетілдірілген сапалы сипаттамалармен ұсынылған. Қағиданың 165-тармағына сәйкес «Егер әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінің техникалық ерекшеліктерінде ұсынылған тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің сапалық сипаттамалары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің талаптарынан және мақсаттарынан асқан (жақсартқан) жағдайда, конкурстық комиссия осы сипаттама үшін бес (5 %) пайыз белгілейді.» Қағиданың 165-тармағының және 2019 жылғы 25 шілдедегі сарапшы қорытындысының негізінде конкурстық комиссиясымен әлеуетті өнім беруші «ИПЦ «Альянс» ЖШС қызметтердің сапалы сипаттамалары үшін 5% берілген болатын. Жоғарыда аталғандардың негізінде, қызметтердің сапалы сипаттамалары үшін шартты жеңілдіктер беру бөлігінде конкурстық комиссиясымен қабылданған шешімдер негізді және қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес келеді деп санаймыз. Қосымша: 06.06.2019 жылғы №32 сарапшы тағайындау туралы бұйрық көшірмесі; 25.07.2019 жылғы сарапшы қорытындысы; Сарапшының диплом көшірмесі; Сарапшының еңбек кітапшасының көшірмесі; Сарапшының сертификат көшірмесі.
Қоса берілген құжаттардың тізбесі электрондық қарсылықта көрсетілген.

Руководитель управления
Жубаналиева Айгерим Шариповна

Республиканское государственное учреждение "Комитет внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

Возражение
к нарушениям, указанным в уведомлении об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля

20.08.2019 года № 3981

Настоящим ГУ "Управление государственных закупок Атырауской области", 141240027504 рассмотрев уведомление РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Атырауской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан" от 16.08.2019 года № 231010000-4-6/7-73050, где установлены нарушения законодательства Республики Казахстан, в части: Камералдық бақылау бойынша анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 12.06.2019 жылы жарияланған №3429740-1 «Облыстық маңызы бар "Индер-Қарабау-Миялы-Сағыз» (0-80 шақырым участкесі) автомобиль жолын қайта жаңғырту" нысаны бойынша техникалық қадағалау» электрондық конкурстың №26658733-ОК1 лотына камералдық бақылау жүргізуде бұзушылықтар анықталды. Жоғарыда аталған электрондық конкурстың 26.07.2019 жылғы №3207611 қорытынды туралы хаттамасына сәйкес «Модуль Атырау» ЖШС-і, «MSK Engineering» ЖШС-і, «СТРОЙИНТЕГРАЦИЯ» ЖШС-і, «СейсмоСтройЗащита» ЖШС-і, «Тараз-Технопроект» ЖШС-і, "Engineering Services" ЖШС-і, "ИПЦ "Альянс" ЖШС-і конкурсқа қатысуға жіберіліп, «РаЗа Строй» ЖШС-і, «Қазжолжоба» ЖШС-і және "ABE&K" ЖШС-нің конкурстық өтінімдері біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп бас тартылған. Конкурс жеңімпазы болып "ИПЦ "Альянс" ЖШС-і ЖШС-і танылған (ұсынған бағасы 451 672 035,25 теңге). Конкурс комиссиясының қабылдаған шешіміне камералдық бақылау жүргізіліп анықталды: ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі қарай - Заң) 9 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің (әрі қарай - Қағида) 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі. Бұл ретте, Тапсырыс берушімен бекіткен техникалық ерекшеліктегі әлеуетті өнім берушілерге қойылған талаптардың бірі – «өз құрамында кемінде төрт сарапшы болуы тиіс, «басты және қоршау конструкциялар», «инженерлік жүйелер», «технологиялық қондырғылар» техникалық күрделі II (қалыпты) жауапкершілік деңгейін орындатуға арналған аттестаты бар» болу міндеттелген. Камералдық бақылаумен, «ИПЦ «Альянс» ЖШС-нің конкурстық өтінімінің құрамында техникалық ерекшелікте көрсетілген еңбек ресурстарының санын растау мақсатында «VEHI.KZ» ЖШС-ін қосалқы мердігер ретінде тартатындығы жөнінде ҚК-ның 10 және 6 қосымшаларына сәйкес мәліметтер ұсынылғандығы анықталды. Сонымен қатар, «СТРОЙИНТЕГРАЦИЯ» ЖШС-нің конкурстық өтінімінің құрамында техникалық ерекшелікте көрсетілген еңбек ресурстарының санын растау мақсатында «Инженерное бюро NURTAY» ЖШС-ін қосалқы мердігер ретінде тартатындығы жөнінде ҚК-ның 10 және 6 қосымшаларына сәйкес мәліметтер ұсынылғандығы анықталды. ҚР Инвестициялау және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары А.Ыдырысовтың 07.03.2018 жылғы №30-02-1/ЮЛ-369

және ҚР ҚМ-нің Мемлекеттік сатып алу комитетінің 04.06.2018 жылғы №КГЗ-8-ЮЛ-М-174-КГЗ-1706 санды хаттары негізінде, техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді көрсететін аккредителген мекеме техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді өз бетінше орындауы және осы мекеменің қол астында жұмыс жасайтын барлық техникалық қадағалаушы сарапшылар осы мекеменің штатында болуы керектігі көрсетілген. Осыған орай, «ИПЦ «Альянс» ЖШС-нің және «СТРОЙИНТЕГРАЦИЯ» ЖШС-нің конкурстық өтініміндерінде конкурсқа қатысуға еңбек ресурстары жеткіліксіз екендігі анықталды. Осы ретте, «ИПЦ «Альянс» ЖШС-нің және «СТРОЙИНТЕГРАЦИЯ» ЖШС-нің конкурстық өтінімі Қағиданың 150 тармағы негізінде бас тартылуға жатады. Бұдан әрі, Қағиданың 152-1 тармағының 2 тармақшасында «неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай өлшемшарттарды: тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстарды қарастырады» делінген. Ұйымдастырушының 12.06.2019 жылғы №222-НҚ шешімен Қағиданың 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттаманың 2 тармағының 5 тармақшасында «мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 152-1 тармағына неғұрлым сапалы тауар, жұмыс, қызмет көрсетуді ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау мақсатында конкурсқа қатысушыны анықтау кезінде конкурстық комиссия ескеретін критерийлердің тізбесін қамтиды» деп аталған. Сондай-ақ, конкурстық құжаттаманың 2 қосымшасының 5 абзацында «тауарларға берілетін техникалық ерекшелікте функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасы функционалдық, техникалық сипаттама параметрлері, тауардың тағайындалуы мен тауарды, қызметтерді пайдалану шарттары шегін қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуі тиіс» атап көрсетілген. Алайда, бекітілген конкурстық құжаттада, неғұрлым сапалы көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындауда қолданылатын, сатып алынатын техникалық қадағалау қызметінің техникалық сипаттама параметрлерінің өлшемдері айқындалмағаны анықталды. Осыған сәйкес, конкурстық құжаттаманы жасақтауда және бекітуде заңнама нормаларының сақталмауы, мемлекеттік сатып алу қағидаларының соның ішінде әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік қағидаттары бұзылады. Осы ретте, конкурстық комиссиямен сарапшының қорытындысы негізінде сатып алынатын қызметтің сапалы техникалық ерекшелігіне шартты жеңілдіктер қолдану әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру қағидаттары бұзылады. Осыған орай, конкурстық комиссиямен «ИПЦ «Альянс» ЖШС-нің конкурстық өтініміне берілген сапалы қызмет үшін берілген 5 пайыз шартты жеңілдік негізсіз болып табылады. , сообщает о несогласии с вышеуказанными нарушениями, по следующим основаниям:

С данными выводами Департамента внутреннего государственного аудита по Атырауской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан не согласны по следующим основаниям: Касательно привлечения субподрядчиков потенциальными поставщиками ТОО «ИПЦ «Альянс» и ТОО «Стройинтеграция»: В соответствии с абзацем 2 пункта 6 статьи 9 Закона «О государственных закупках» (Далее –Закон) «Потенциальный поставщик, который предусматривает привлечение субподрядчиков (соисполнителей) работ либо услуг, должен представить организатору государственных закупок документы, подтверждающие соответствие привлекаемых субподрядчиков (соисполнителей) работ либо услуг квалификационным требованиям, установленным подпунктами 1), 2) в части налоговой задолженности и 3) части первой пункта 1 настоящей статьи.» Согласно представленных заявок потенциальными поставщиками ТОО «ИПЦ «Альянс» и ТОО «Стройинтеграция» в подтверждении квалификационным требованиям в своем составе имеет 11 и 5 экспертов соответственно, что соответствует требованиям технической спецификации не менее 4-х экспертов. В соответствии с пунктом 85-2 правил осуществления государственных закупок (Далее – Правила) При осуществлении государственных закупок по

оказанию инжиниринговых услуг по техническому надзору в технической спецификации, указывается требование о наличии у потенциального поставщика аттестованных экспертов, оказывающих инжиниринговые услуги по техническому надзору, работающих у него на постоянной основе. Совмещение работы аттестованными экспертами в других организациях, осуществляющих указанные виды деятельности, не допускается. Однако ни в Законе, ни в Правилах не предусмотрены ограничения связанные с привлечением субподрядчиков потенциальными поставщиками, учавствующие в государственных закупках по оказанию инжиниринговых услуг по техническому надзору. Наряду с этим согласно пункта 8 статьи 9 Закона не допускается установление квалификационных требований, не предусмотренных пунктом 1 настоящей статьи, за исключением случаев, предусмотренных статьями 31, 50 и пунктом 6 статьи 51 настоящего Закона. Кроме этого статьей 10 Закона предусмотрено, что «1.Потенциальный поставщик признается не соответствующим квалификационным требованиям по одному из следующих оснований: 1) непредставления документа (документов) для подтверждения соответствия квалификационным требованиям потенциального поставщика и (или) привлекаемого им субподрядчика (соисполнителя) работ либо услуг; 2) установления факта несоответствия квалификационным требованиям на основании информации, содержащейся в документах, предоставленных потенциальным поставщиком для подтверждения его соответствия, а также несоответствия привлекаемого им субподрядчика (соисполнителя) работ либо услуг квалификационным требованиям; 3) установления факта предоставления недостоверной информации по квалификационным требованиям. 2. Не допускается признание потенциального поставщика и (или) привлекаемого им субподрядчика (соисполнителя) работ либо услуг не соответствующим квалификационным требованиям по основаниям, не предусмотренным пунктом 1 настоящей статьи.» Потенциальными поставщиками ТОО «ИПЦ «Альянс» и ТОО «Стройинтеграция» в подтверждении соответствия квалификационным требованиям представлены все необходимые документы по привлекаемым субподрядчикам. На основании вышеизложенного у конкурсной комиссии отсутствуют законные основания для отклонения заявок потенциальных поставщиков. В связи с этим, принятые решения конкурсной комиссии по допуску потенциальных поставщиков ТОО «ИПЦ «Альянс» и ТОО «Стройинтеграция» считаем обоснованными и соответствующими нормам действующего законодательства. Наряду с этим отмечаем, что согласно пункту 4 статьи 60 Закона «О правовых актах» «Государственные органы, проводящие государственную политику, осуществляющие регулирование и управление в определенной отрасли (сфере деятельности) или к компетенции которых отнесено решение соответствующих вопросов, либо иные государственные органы в соответствии с предоставленными им полномочиями могут давать в пределах своей компетенции разъяснения нормативных правовых актов в отношении конкретных субъектов или применительно к конкретной ситуации. Такие разъяснения не имеют обязательной юридической силы и носят рекомендательный характер». Соответственно письма заместителя председателя комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства инвестиции и развития РК Ыдырысова А. за №30-02-1/ЮЛ-369 от 07.03.2018 года и Комитета государственных закупок МФ РК за № КГЗ-8-ЮЛ-М-174-ЛГЗ-1706 от 04.06.2018 года не могут являться основанием, так как не имеют обязательной юридической силы. Касательно присвоения условной скидки за улучшенную техническую спецификацию потенциальному поставщику ТОО «ИПЦ «Альянс» : В соответствии с пунктом 162 Правил «Критерий – функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики товаров, услуг и (или) расходы на эксплуатацию, техническое обслуживание и ремонт закупаемых товаров, применяется в соответствии с заключением экспертной комиссией либо эксперта (при его наличии). Суммарное процентное влияние на условную цену заявки на участие в конкурсе данного критерия не должно превышать десять процентов. В соответствии с приказом ГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог» за №32 от 06.06.2019 года был утвержден эксперт в лице руководителя отдела контроля качества и приемке работ Атырауского областного филиала АО

«НК «КазАвтоЖол» Куржумовой Сауле Сисенбаевны (Далее –Эксперт), имеющая квалификацию инженера-строителя по специальности «Автомобильные дороги», а также сертификат повышения квалификации по теме «Контроль качества и технический надзор при строительстве автомобильных дорог», имеющая опыт работы в сфере строительства автомобильных дорог более 20 лет (копия диплома, трудовой книжки и сертификата прилагается). По результатам рассмотрения технических спецификаций потенциальных поставщиков экспертом было представлено Экспертное Заключение от 25 июля 2019 года, которое размещено на веб-портале государственных закупок (копия прилагается). Согласно заключения эксперта представленная потенциальным поставщиком ТОО «ИПЦ «Альянс» техническая спецификация предложена с улучшенными качественными характеристиками в части возможности Заказчику в режиме реального времени видеть все интересующие параметры состояния строительства объекта. В соответствии с пунктом 165 Правил «В случае, если качественные характеристики товаров, услуг в технической спецификации, предложенной потенциальными поставщиками в заявке на участие в конкурсе, превышают (улучшают) требования и назначение товара, услуги, которые установлены в технической спецификации конкурсной документации, конкурсная комиссия устанавливает пять процентов (5%) за данную характеристику». На основании пункта 165 Правил и заключения эксперта от 25 июля 2019 года конкурсной комиссией была присвоена потенциальному поставщику ТОО «ИПЦ «Альянс» условная скидка в размере 5% за качественные характеристики услуг. На основании вышеизложенного, принятые решения конкурсной комиссии по присвоению условных скидок за качественные характеристики услуг считаем обоснованными и соответствующими нормам действующего законодательства. Приложение: Копия приказа о назначении эксперта за № 32 от 06.06.2019 года Экспертное заключение от 25.07.2019 года; Копия диплома Эксперта; Копия трудовой книжки Эксперта; Копия Сертификата Эксперта.
Перечень прилагаемых документов приведен в электронном возражении.

Руководитель управления
Жубаналиева Айгерим Шариповна